

Алматы облысының 2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы

Алматы облысы мәслихатының 2013 жылғы 18 желтоқсандағы N 26-156 шешімі.
Алматы облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 24 желтоқсанда N 2534 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 8-бабына, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 желтоқсандағы "2014-2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет тиесінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2014 жылға төмендегі көлемде бекітілсін:

1) Кірістер - 306 394 538 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 21 752 841 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 82 296 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер бойынша – 5 557 мың теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша – 284 553 844 мың теңге, соның ішінде:

аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер – 51 945 728 мың теңге;

республикалық бюджеттен түсетін трансферттер – барлығы – 232 608 116 мың теңге

, с о н ы ң і ш і н д е :

ағымдағы нысаналы трансферттер – 56 586 475 мың теңге, соның ішінде:

білім беруге – 6 485 181 мың теңге;

денсаулық сақтауға – 35 581 547 мың теңге;

әлеуметтік көмекке – 98 040 мың теңге;

мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға – 2 242 462 мың теңге;

2014 жылғы 1 сәуірден бастап, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10 пайыз мөлшерінде ай сайынғы үстемеақы төлеуге – 3 884 683 мың теңге;

баламасыз ауыз сумен жабдықтау көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға – 11 940 мың теңге;

жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге – 18 212 мың теңге;
"Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға – 3 178 083 мың теңге;

Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберіндегі ағымдағы іс-шараларды іске асыруға – 159 878 мың теңге;

қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға – 70 435 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігін өтеуге – 4 821 861 мың теңге;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға – 9 671 мың теңге
дамытуға арналған нысаналы трансферттер – 54 731 288 мың теңге, соның ішінде:

білім беру объектілерін салуға – 6 870 145 мың теңге;

білім беру объектілерінің сейсмо тұрақтылығын күшейтуге – 827 610 мың теңге;

денсаулық сақтау объектілерін салуға – 2 870 000 мың теңге;

денсаулық сақтау объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейтуге – 142 069 мың

т еңг е ;

арнайы халыққа қызмет көрсету орталығын салуға – 713 290 мың теңге;

халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге – 99 519 мың теңге;

коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға – 3 199 112 мың теңге;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға – 12 353 068 мың теңге;

сумен жабдықтау жүйесін дамытуға – 1 024 288 мың теңге;

ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға – 3 537 179 мың
т еңг е ;

коммуналдық шаруашылықты дамытуға – 5 106 397 мың теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға – 5 140 822 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға – 1 000 000 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға – 1 001 245 мың теңге;

мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға – 567 943 мың теңге ;

"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде қалалардың инженерлік инфрақұрылымын дамыту – 1 358 993 мың теңге;

"Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға" - 599 266 мың теңге;

Спорт объектілерін дамытуға – 272 643 мың теңге;

тұрғын үйлерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, салу үшін уәкілетті ұйымның жарғылық капиталын қалыптастыруға – 8 047 699 мың теңге ;

субвенциялар – 121 290 353 мың теңге.

2) Шығындар – 309 651 707 мың теңге;

3) таза бюджеттік несиелендірулер – 3 598 532 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік несиелер – 4 529 399 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 930 867 мың теңге;

4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 9 322 870 мың теңге, оның ішінде :

қаржылық активтерді сатып алу – 9 322 870 мың теңге;

5) тапшылық – (-) 16 178 571 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 16 178 571 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 31.03.2014 N 29-176; 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен .

2. "Әлеуметтік салық" Іле және Қарасай аудандарының бюджетіне түсетін соманы қоспағанда, "Жеке табыс салығы", "Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдалануға төленетін ақы", "Орман пайдалануға төленетін ақы" және "Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін ақы" кодтары бойынша түсімдер бірыңғай бюджеттік жіктеу кірістерінің жіктелуі облыстық бюджетке 100% мөлшерде түсетіні белгіленсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 08.10.2014 N 36-213 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2-1. 2014 жылға "Әлеуметтік салық" коды бойынша кірістерді бөлу нормативі Іле ауданының бюджетіне 45%, Қарасай ауданының бюджетіне 18% мөлшерде белгіленсін.

Ескерту. Шешім 2-1-тармақпен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының 08.10.2014 N 36-213 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. 2013 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық бюджеттер мен облыстық маңызы бар қалалар бюджеттерінен 51 861 432 мың теңге сомасында бюджеттік алымдар көзделінсін, соның ішінде:

Іле ауданы бойынша – 48 988 034 мың теңге;

Қарасай ауданы бойынша – 2 873 398 мың теңге.

4. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне және облыстық маңызы бар қалалар бюджеттеріне берілетін субвенциялар 49 110 945 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Ақсу ауданына	2 417 390 мың теңге;
Алакөл ауданына	2 360 530 мың теңге;
Балқаш ауданына	2 043 645 мың теңге;

Енбекшіқазақ ауданына	4 728 260 мың теңге;
Ескелді ауданына	2 448 706 мың теңге;
Жамбыл ауданына	3 356 141 мың теңге;
Қаратал ауданына	2 260 125 мың теңге;
Кербұлақ ауданына	3 093 390 мың теңге;
Көксу ауданына	2 126 305 мың теңге;
Панфилов ауданына	3 532 381 мың теңге;
Райымбек ауданына	3 711 755 мың теңге;
Сарқан ауданына	2 360 670 мың теңге;
Талғар ауданына	2 077 822 мың теңге;
Ұйғыр ауданына	2 627 340 мың теңге;
Қапшағай қаласына	1 509 244 мың теңге;
Талдықорған қаласына	7 581 410 мың теңге;
Текелі қаласына	875 831 мың теңге.

5. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте 4 қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне білім беру саласын дамытуға 11 920 070, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 5 937 719 мың теңге және облыстық бюджет қаражаты есебінен 5 982 351 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін, соның ішінде:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарға мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыруға – 4 956 350 мың теңге;

мемлекеттік бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мекемелеріндегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу құралдарымен жабдықтауға – 223 514 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынамалауға – 362 293 мың теңге;

"үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге – 395 562 мың теңге;

мектептердің күрделі жөндеуіне – 5 597 321 мың теңге;

бала бақшалардың күрделі жөндеуіне – 71 284 мың теңге;

"Балапан" бағдарламасын жүзеге асыруға – 313 746 мың теңге.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 31.03.2014 N 29-176; 24.04.2014 N 31-186 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220(01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. Білім беру бойынша 2014 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 735 745 мың теңге сомасында шығындар қарастырылсын, соның ішінде:

"үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге – 212 798 мың теңге;

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайтуға – 89 762 мың теңге;

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға – 108 185 мың теңге;

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқу-өндірістік шеберханаларды, зертханаларды жаңарту және қайта жабдықтауға – 325 000 мың теңге;

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 31.03.2014 N 29-176 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Денсаулық сақтау бойынша 2014 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 35 581 547 мың теңге сомасында қаражат көзделсін, соның ішінде:

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің қамтамасыз етуі және кеңейтуіне – 30 798 822 мың теңге;

дәрі-дәрмек құралдарын, вакциналар мен басқа да иммунобиологиялық препараттарды сатып алуға – 4 821 474 мың теңге;

жергілікті деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтауға – 999 880 мың теңге;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың стипендияларының мөлшерін ұлғайтуға – 8 180 мың теңге.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 31.03.2014 N 29-176; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

8. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы ағымдағы трансферттер есебінен үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға 22 600 мың теңге сомасында қаражат қарастырылсын.

9. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте 5 қосымшаға сәйкес аудандар мен қалалар бюджеттеріне 698 359 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін, соның ішінде:

халыққа тұрғын көмегін көрсетуге – 358 210 мың теңге;

облыс әкімі гранттарын төлеуге – 127 546 мың теңге;

мүгедектерге арналған арнайы такси қызметін ұстауға – 4 885 мың теңге;

туберкулездің ауыр түрімен ауыратын науқастарға әлеуметтік пакет беруге – 17 084 мың теңге;

естелік күндерге біржолғы көмекке – 114 942 мың теңге;

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге – 31 634 мың теңге;

арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге – 24 536 мың теңге;

мүгедектердің өмірін жақсарту және құқықтарын қамтамасыз ету жоспарын іске асыруға – 10 864 мың теңге.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 31.03.2014 N 29-176; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте "Бизнес жол картасы – 2020" бағдарлама шеңберінде өңірлерде жеке кәсіпкерлікті қолдауға республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен 3 178 083 мың теңге к ө з д е л с і н .

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10-1. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте 2014 жылғы 1 сәуірден бастап, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10 пайыз мөлшерінде ай сайынғы үстемеақы төлеуге республикалық бюджет қаражаты есебінен 5-1 қосымшаға сәйкес, аудан және қала бюджеттеріне 3 073 891 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Ескерту. Шешім 10-1-тармақпен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының 31.03.2014 N 29-176 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 24.04.2014 N 31-186; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10-2. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы даму трансферттері есебінен 1 001 245 мың теңге к ө з д е л с і н .

Ескерту. Шешім 10-2-тармақпен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының 31.03.2014 N 29-176 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10-3. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға республикалық бюджет қаражаты есебінен 5-2 қосымшаға сәйкес, аудан және қала бюджеттеріне 567 943 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері ескерілсін.

Ескерту. Шешім 10-3-тармақпен толықтырылды - Алматы облыстық мәслихатының 31.03.2014 N 29-176 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 6 қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 189 630 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер е с к е р і л с і н .

12. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен 7 қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 981 477 мың теңге

сомасында кредиттер ескерілсін.

13. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте эпизоотияға қарсы шараларды жүргізу үшін 8 қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 1 711 566 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

14. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың (ірі және ұсақ мүйізді малдың) құнын иелеріне өтеу (50 % дейін) үшін 9 қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 514 568 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

15. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте "Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыруға 10 қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне 1 287 759 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

16. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте білім беру объектілерінің құрылысына 11 қосымшаға сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 15 445 698 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 31.03.2014 N 29-176; 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м д е р і м е н .

17. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар және қалалар бюджеттерін дамытуға нысаналы трансферттер қарастырылсын:

12 қосымшаға сәйкес, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамытуға және жайғастыруға 14 968 597 мың теңге сомасында;

13 қосымшаға сәйкес, мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қоры тұрғын үйлерінің құрылысына 5 858 264 мың теңге сомасында.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 31.03.2014 N 29-176; 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м д е р і м е н .

18. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салу және жаңғыртуға 14 қосымшаға сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 10 262 050 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 31.03.2014 N 29-176; 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м д е р і м е н .

19. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте коммуналдық шаруашылық объектілерін дамытуға 15 қосымшаға сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 8

630 388 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 31.03.2014 N 29-176; 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

20. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте коммуналдық шаруашылық объектілерін дамытуға 16 қосымшаға сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 797 515 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер ескерілсін.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

21. 2014 жылға тұрғын үй салуға 17 қосымшаға сәйкес, аудандар мен қалалар бюджеттеріне берілетін бюджеттік кредиттер 711 208 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 31.03.2014 N 29-176 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

22. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджет қаражаты есебінен Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылда кәсіпкерліктің дамуына ықпал ету үшін 1 766 000 мың теңге кредиттер қарастырылсын.

23. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алуға республикалық бюджет қаражаты есебінен 18 қосымшасына сәйкес, аудандық және қалалық бюджеттеріне 2 242 462 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

24. Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыруға, ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөніндегі жұмыстарына, елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыруға 19 қосымшаға сәйкес 54 301 мың теңге көлемінде жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін;

Ескерту. 24-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

25. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте қоршаған ортаны қорғау және объектілерді дамыту жөніндегі шараларды өткізуге 595 189 мың теңге қарастырылсын.

Ескерту. 25-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168; 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

26. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте автокөлік жолдарының қызмет атқаруын қамтамасыз етуге және көліктік инфрақұрылымды дамытуға 9 754 903 мың теңге қарастырылсын.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 31.03.2014 N 29-176; 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213; 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

27. 2014 жылға арналған облыстық бюджетте облыс әкімдігі қаулысымен анықталатын, облыстық жергілікті атқарушы органының резервіне 383 652 мың теңге с о м а с ы б е л г і л е н с і н .

Ескерту. 27-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық мәслихатының 24.04.2014 N 31-186; 24.07.2014 N 34-200; 08.10.2014 N 36-213 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

28. 2014 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалар тізбесі 20 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

29. 2014 жылға арналған аудандар мен қалалар бюджеттерін атқару процесінде 21 қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайтын б о л ы п б е л г і л е н с і н .

30. Алынып тасталды - Алматы облыстық мәслихатының 30.01.2014 N 27-168 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

31. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың "Бюджет, қаржы және тарифтік саясат жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

32. Осы шешім 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы А. Айтжанов

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң
хатшысы Е.Келімсейіт

КЕЛІСІЛГЕН:

О б л ы с т ы қ э к о н о м и к а ж ә н е
б ю д ж е т т і к ж о с п а р л а у
басқармасының бастығы Нафиса Төлекқызы Сатыбалдина

18 желтоқсан 2013 жыл

Алматы	облыстық	мәслихатының
2013	жылғы	"18"
"Алматы	облысының	2014-2016
арналған	облыстық	бюджеті
N	26-156	шешімімен
1 қосымша		бекітілген

Алматы облысының 2014 жылға арналған облыстық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Алматы облыстық мәслихатының 19.11.2014 N 38-220 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сынып			
	Ішкі сынып		
		Атауы	
		I. Кірістер	306394538
1		Салықтық түсімдер	21752841
	01	Табыс салығы	12552902
	2	Жеке табыс салығы	12552902
	03	Әлеуметтік салық	8150244
	1	Әлеуметтік салық	8150244
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	1049695
	3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	1049695
2		Салықтық емес түсімдер	82296
	01	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	29454
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	12539
	6	Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар	13174
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақы	3741
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	52840
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	52840
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	5557
	01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5557
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	5557
4		Трансферттердің түсімдері	284553844
	01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	51945728

	2	Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер				51945728	
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер				232608116	
	1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер				232608116	
Функционалдық топ						Сомасы, мың теңге	
	Кіші функция						
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
		Бағдарлама					
			Атауы				
			II. Шығындар				309651707
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер				7620648
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар				3981579
		110	Облыс мәслихатының аппараты				58740
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер				58740
		120	Облыс әкімінің аппараты				3739654
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер				1383106
		002	Ақпараттық жүйелер құру				121141
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары				869968
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары				146346
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу				10016
		013	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету				10810
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер				1198267
		282	Облыстың тексеру комиссиясы				183185
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер				183085
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары				100
	2		Қаржылық қызмет				886580
		257	Облыстың қаржы басқармасы				886580
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер				336719

		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	9000
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3961
		028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	536900
5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	1679630
	258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	1679630
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту және облысты басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	198103
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4138
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1477389
9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	1072859
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	1072859
		081	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарын құру үшін берілетін нысаналы даму трансферттері	1072859
02			Қорғаныс	3440014
	1		Әскери мұқтаждар	30751
	120		Облыс әкімінің аппараты	30751
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	20571
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	10180
2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	3409263
	120		Облыс әкімінің аппараты	492000
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	492000
	250		Облыстың жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы	2948
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2948
			Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы	

		287	төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	2814796
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	2461788
		004	Облыс ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	353008
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	99519
		036	Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан инженерлік қорғау жөнінде жұмыстар жүргізу	99519
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	9805333
	1		Құқық қорғау қызметі	9805333
		252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	8997955
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6805620
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	3180
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2084022
		008	Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	18212
		013	Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері	86921
		271	Облыстың құрылыс басқармасы	807378
		003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	807378
04			Білім беру	56988631
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	4956350
		261	Облыстың білім басқармасы	4956350
		027	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	4956350
	2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	4613490
		261	Облыстың білім басқармасы	2855655
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	988752

			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	885534
			048	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	223514
			053	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімді жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	362293
			061	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	395562
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	1757835
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	1457540
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	300295
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	6192121
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	311749
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	311749
		261		Облыстың білім басқармасы	5880372
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	5880372
5				Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	39635
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	39635
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	39635
9				Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	41187035
		261		Облыстың білім басқармасы	23378241
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	84539

			004	Облыстық мекемелерінде ақпараттандыру	мемлекеттік білім беру	білім беру жүйесін	25119	
			005	Облыстық мекемелер оқу-әдістемелік және жеткізу	мемлекеттік үшін кешендерді	білім оқулықтар сатып	беру мен алу 16520	
			007	Облыстық мектептен конкурстар өткізу	ауқымда тыс	мектеп іс-шараларды	олимпиадаларын, және 145977	
			011	Балалар мен денсаулығын психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	жасөспірімдердің зерттеу және	психикалық халыққа	161996	
			012	Дамуында жасөспірімдерді бейімдеу	проблемалары оналту	бар және балалар мен әлеуметтік	279711	
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары				2100
			029	Әдістемелік жұмыс				167703
			067	Ведомстволық мекемелерінің шығыстары	бағыныстағы және	мемлекеттік ұйымдарының күрделі	1979726	
			113	Жергілікті ағымдағы нысаналы трансферттер	бюджеттерден берілетін		20514850	
		271		Облыстың құрылыс басқармасы				17799645
			007	Аудандардың қалалардың) объектілерін реконструкциялауға даму трансферттер	(облыстық бюджеттеріне салуға берілетін	маңызы білім беру және нысаналы	15445698	
			025	Білім беру күшейту	объектілерін	сейсмикалық	897154	
			037	Білім беру реконструкциялау	объектілерін салу	және	1456793	
		276		Облыстың басқармасы	балалар құқықтарын	қорғау	9149	
			001	Жергілікті қорғау іске асыру жөніндегі қызметтер	деңгейде саласындағы	балалар мемлекеттік құқықтарын саясатты	9149	
05				Денсаулық сақтау				61596892
	2			Халықтың денсаулығын қорғау				1179177
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы				1179177
			005	Жергілікті үшін препараттарын өндіру	денсаулық қанды, оның	сақтау құрамдауыштары мен	644538	
			006	Ана мен көрсету	баланы қорғау бойынша	қызмет	340862	

		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	192787
		017	Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу	990
3			Мамандандырылған медициналық көмек	11612063
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	11612063
		009	Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық күйзеліс және мінез-құлқының бұзылуынан, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты, зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету	5944490
		019	Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету	294005
		020	Диабетпен ауыратын науқастарды қарсы препараттармен қамтамасыз ету	474343
		021	Онкогематологиялық науқастарды химия препараттарымен қамтамасыз ету	181565
		026	Гемофилиямен ауыратын науқастарды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету	910707
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу	1425854
		036	Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету	51674
		046	Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету	2329425
4			Емханалар	35281143
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	35281143
		014	Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен қамтамасыз ету	1913986
		038	Скринингтік зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жүргізу	396997
		039	Аудандық маңызы бар және ауыл денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетуі	32167011

		045	Халықтың жекелеген санаттарын емдеудің амбулаториялық деңгейінде жеңілдікті жағдайда дәрілік заттармен қамтамасыз ету	803149
5			Медициналық көмектің басқа түрлері	677624
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	677624
		011	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация	641594
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	36030
9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	12846885
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	5481119
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	70165
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	365785
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	5900
		018	Денсаулық сақтау саласындағы талдамалық қызметі	146181
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	226
		033	Денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарының күрделі шығыстары	4892862
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	7365766
		026	Денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	156407
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	7011934
		083	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде орналасқан дәрігерлік амбулаториялар және фельдшерлік акушерлік пункттер салу	197425
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	4433916
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	2810071
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1924581
			Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен	

		002	мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	487552
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	931138
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	115240
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда) психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	390651
	261		Облыстың білім басқармасы	686280
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	635177
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	51103
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	199210
		039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	199210
2			Әлеуметтік көмек	369758
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	369758
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету	338124
		050	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	31634
9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	1254087
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1167187
		001	Жергілікті деңгейде облыстың жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	105994
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7685
		017	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	24536

		018	Үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	16300
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	5104
		045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	17317
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	367584
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	622667
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	22021
		077	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	22021
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	2205
		045	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2205
	270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	62674
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61750
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	924
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	46498258
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	23472709
	251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	2242462
		011	Аудандардың (республикалық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алуға берілетін нысаналы трансферттер	2242462
	268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	282097
		021	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	282097
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	20826861

		014	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттері	5858264
		027	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансферттері	14968597
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	121289
		026	Көппәтерлі тұрғын үйлерде энергетикалық аудит жүргізу	13125
		042	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	108164
2			Коммуналдық шаруашылық	23025549
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	829516
		013	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы даму трансферттері	797515
		030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	32001
	279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	22196033
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	108668
		004	Елді мекендерді газдандыру	43748
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	516
		010	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне су бұру жүйелерін жабдықтауға және берілетін нысаналы даму трансферттері	6718747
		014	Аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне коммуналдық шаруашылықты дамытуға арналған нысаналы даму трансферттері	8630388
		030	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне елді мекендерді сумен жабдықтау жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері	3537179

		067	Ведомстволық мекемелерінің шығыстары	бағыныстағы және ұйымдарының	мемлекеттік күрделі	800400
		113	Жергілікті ағымдағы нысаналы трансферттер	бюджеттерден	берілетін	2356387
08			Мәдениет, кеңістік	спорт, туризм және	ақпараттық	9862867
	1		Мәдениет саласындағы қызмет			1056309
		271	Облыстың құрылыс басқармасы			10264
		016	Мәдениет объектілерін дамыту			10264
		273	Облыстың құжаттама басқармасы	мәдениет, мұрағаттар және		1046045
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау			366536
		007	Тарихи-мәдени қолжетімділікті қамтамасыз ету	мұраны сақтауды және	оған	295867
		008	Театр және музыка өнерін қолдау			383642
	2		Спорт			5544998
		271	Облыстың құрылыс басқармасы			2062792
		017	Спорт объектілерін дамыту			2062792
		285	Облыстың басқармасы	дене шынықтыру және	спорт	3482206
		001	Жергілікті спорт іске асыру жөніндегі қызметтер	деңгейде саласында дене мемлекеттік	шынықтыру және саясатты	55938
		002	Облыстық өткізу	деңгейде спорт	жарыстарын	118306
		003	Әр құрама және спорт жарыстарына қатысуы	түрлі спорт түрлері бойынша командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық		3193852
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары			2186
		032	Ведомстволық мекемелердің шығыстары	бағыныстағы және ұйымдардың	мемлекеттік күрделі	111924
	3		Ақпараттық кеңістік			981467
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы			654267
		007	Мемлекеттік жөніндегі қызметтер	ақпараттық саясат	жүргізу	654267
		264	Облыстың тілдерді дамыту басқармасы			81617
		001	Жергілікті саласындағы асыру жөніндегі қызметтер	деңгейде мемлекеттік	тілдерді саясатты дамыту іске	45389
		002	Мемлекеттік халықтарының басқа да тілдерін дамыту	тілді және	Қазақстан	27578
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары			8650

		271	Облыстың құрылыс басқармасы	1
		018	Мұрағат объектілерін дамыту	1
		273	Облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы	245582
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	66945
		010	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	178637
4			Туризм	268457
		284	Облыстың туризм басқармасы	268457
		001	Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26174
		002	Ақпараттық жүйелерді құру	187259
		004	Туристік қызметті реттеу	49104
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары	5920
9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	2011636
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	208582
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік, ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	86582
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	122000
		273	Облыстың мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы	1489415
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет және мұрағат ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45845
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	619
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	211901
		113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1231050
		283	Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	313639
		001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	30786
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9070
		005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	256640

			032	Ведомстволық мекемелерінің шығыстары	бағыныстағы және ұйымдарының	мемлекеттік күрделі	17143
09				Отын-энергетика қойнауын пайдалану	кешені және	жер	7990917
	9			Отын-энергетика пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	кешені және	жер қойнауын	7990917
		279		Облыстың үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	энергетика және	тұрғын	7990917
			071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту			7990917
10				Ауыл, ерекше қоршаған қорғау, жер қатынастары	су, орман, қорғалатын ортаны және	балық шаруашылығы, табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін	27971838
	1			Ауыл шаруашылығы			23961378
		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы			21473563
			001	Жергілікті саласындағы асыру жөніндегі қызметтер	деңгейде мемлекеттік	ауыл шаруашылығы саясатты іске	122890
			002	Тұқым шаруашылығын қолдау			572782
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары			3571
			010	Асыл мемлекеттік қолдау	тұқымды мал	шаруашылығын	2584760
			013	Мал және сапасын арттыруды субсидиялау	шаруашылығы өнімдерінің	өнімділігін	7908268
			014	Ауыл өндірушілерге көрсетілетін субсидиялау	шаруашылығы су жеткізу қызметтердің	тауарларын бойынша құнын	488333
			016	Жеміс-жидек көп өсіруді қамтамасыз ету	дақылдарының көшеттерін	және отырғызу және	200310
			020	Басым арқылы шығымдылығы көктемгі жүргізуге материалдар арзандатуды субсидиялау	дақылдарды өсімдік мен сапасын арттыруды, және егін жинау жұмыстарын қажетті жанар-жағармай мен басқа да құндылықтардың құнын		2989244
			021	Малды дайындайтын ауыл, пестицидтерді, олардың орындарын жөндеу	қолдан өнімі мен мемлекеттік малын соятын улы химикаттарды және ыдыстарын арнайы (көмінділерді) ұстау және	мал шикізатын пункттерді, алаңдарды, және сақтау және	10959

		029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	50000
		030	Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру	44000
		031	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануарға арналған ветеринариялық паспортты орталықтандырып сатып алу және оларды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдау (жеткізу)	40503
		041	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	148467
		045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	31185
		047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	673027
		048	Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өсіру	703297
		049	Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау	70435
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	4821861
		051	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау	9671
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	186628
